

күш бар. Тілде бүкіл тіршілік тұрғандай. Тіл – ұлттың аса игілікті әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Тілдің тағдыры – баршамыздың қолымызда. Тілді оқып-үйренуді барынша жоғары деңгейге көтеру қажет. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тіл туралы талап міндеттерінде «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деген. Бұл әр қазақстандықтың қастерлі парызы. Қазақ тілінің өз мәртебесіне сай толыққанды қоғамдық қызмет атқаруы аса қанағаттанғысыз екенін, жан-тәнімізбен түсіне отырып, бүгінде «Тіл туралы» заңның жүзеге асу барысын талқылауда басты назарды мемлекеттік тіл тағдырына аударарымыз анық. Өйткені қазақ тілі әлемдік мәдениеттің бөлінбес бөлшегі ретінде тек қазақ топырағында ғана мемлекеттік мәртебені талап ете алады.

Тілдерді дамыту – елдердің мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыттарының бірі. Жалпы мемлекеттік тіл саясатын толыққанды жүзеге асыру бұл бұқаралық іске айналғанда ғана көздеген мақсатына жете алады. Тіліміз құрып кетті, құрдымға батып жатыр деп отыра бермей, оның маңызы мен мүмкіндіктерін жан-жақты ашып, жұрттың оған деген сенімін нығайтуға күш салғанымыз дұрыс. Тілді насихаттауда, үйретуде жеке адамдардың, отбасының атқарар қызметін жан-жақты зерттеп, оны жүзеге асырудың озық әдістемесін жасауда да БАҚ-тың атқарар қызметі мол болуы тиіс.

Ең бастысы, қазір қазақстандықтар тарапынан мемлекеттік тілді қолдау және дамыту бағытында барынша мүдделік танытып отыр. Бүгінгі күні тілдерді дамыту жан жақты қарастырылуда. Тіл тағдырына деген жеке адам ретінде жанашырлығымызбен қамқорлығымыз артуда. Қазіргі таңда көптеген отбасылар балаларын қазақ тілінде оқытатын мектептерге ана тілін жетік меңгеру үшін беріп, оқытып жатқандары қуантарлық жағдай.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсам, тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Тіл мәртебесі – ел мерейі. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды танып білеміз. Әр адамның азаматтық қасиеті – өз халқын, өзінің атамекенін қалай сүюімен, өз ана тілін қалай білуімен өлшенбек Әлем таныған ел болу үшін тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек. Елбасымыз айтқандай, «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде». Ендеше, тілімізді, ұлтымызды отбасымызды қадірлегендей қадірлейік!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан халқына Жолдауы».
2. «Егеменді Қазақстан» газеті 2013 жыл.

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ ТАНЫМЫНДАҒЫ ТЕЛЕБАҒДАРЛАМАЛАР

*Рамазанова Ж.С., ф.ғ.к., доцент,
Сиязбаев Н., магистрант,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Теледидар – тек хабар таратушы құрал ғана емес, ағартушылық, насихаттық та құрал. Зерттеуші Құдайберген Тұрсын теледидар әсерлілігіне мынадай анықтама береді: «Теледидар әсерлілігі өзіне 3 негізгі бағытты қамтитын, әлеуметтік ақпарат тұжырымдамасын жүзеге асырады: Ағартушылық білім жөнінде негізгі ақпарат болып табылатын хабарламаны таратады. Танымдық логикалық және прагматикалық ақпарат негізінде алынған өзіндік білім туралы ұғымды қалыптастырады; болжаулық болашаққа баға беріп, ол туралы ұғымды қалыптастырып, ол туралы деректі таратады; ұлттық мәселе төңірегіндегі күрделі проблемаларда қоғамды топтастыруға қызмет етеді. Күнделікті өміріміз, тіршілігіміз бізді қоршаған орта туралы шынайы көріністі бейнелейді, ой-өрісімізді түрлі ақпаратпен кеңейтіп, сезімімізді қалыптастыруға, әдеттеріміздің жақсы жаққа қарай өзгеруіне әрекет жасайды. Аса мәнді әлеуметтік проблемаларға көпшіліктің көңілін аударады, экологиялық этика, қоғамның әрбір мүшесінің өмірлік позициясын айқындауға, сан миллиондық аудиториямен жылдам кері байланыстың орнығуына, бұл байланыстардың қоғам санасын қалыптастыруға әсерлілігін арттыруға, қоғамның жан-жақты және үйлесімді дамуына көмектесу, байланыстың кезеңмен дамуын сезінуге жағдай туғызады.

Қоғамдық мінбеге айналу, орталық және аймақтық, заң шығарушы және орындаушы тұтқалардың халқы алдында есеп беруі, өз саясатын түсіндіру, өз қатарына халықтың қалың тобын

тартуға, қоғамның әлеуметтік ақпараттануына басты мәселені шешуі, психологиялық құқықтық қоғамға тиімді бағытталуына жағдай туғызу, сезімталдық, логикалық және прагматикалық ақпаратты негізге алуға; ең бастысы – хабардың соңғы нәтижесінің тиімділігін сезінуге; телекөрсетімнің әрқайсысына сол сәтте өзімен бірге миллиондаған адамның сол хабарды көріп отырғандығын сезінуі, әрі телеэкрандағы пікірді өзіне қарата отырып ұғынуына; телекөрсетімге қарама-қарсы пікірдегі ойлардың да айтылмайтынын сезінулеріне; экономикалық ақпараттың шыншыл және ашықтығы, коммерциялық тақырыптардың ауқымын ұлғайту, тауар және қызмет, фирма және компания, ертеде талдау мен сынауға жабық болған тақырыптар тағы сол сияқты олардың әрқайсысына шыншыл, жылдам әрі орнықты баға беру, теледидар хабарының әрқайсысының міндеті» [1, 49].

Отандық телеиндустрияда бәсеке әлі жетер жеріне жетіп қалыптаса қойған жоқ. Десек те, осыдан 2-3 жыл бұрынғымен салыстыруға келмейді. Жыл сайын жаңа телеарналар ашылып, ай сайын әр телеарнадан шығып жатқан жаңа жобаның күәсі болудамыз. Саннан сапаға көшетін күн алыс емес. Өйткені ХХІ ғасыр көрсетімінің талғамы жоғары. Бізге қазір ештеңе таңсық емес. Сапасыз, нашар хабарды эфир уақытын толтыру үшін немесе 50х50 қағидатын сақтау үшін түсіре беруге болады. Отандық телеарналардың барлығы да ақпаратты бірінші болып таратуға, халық арасында бағасының жоғары болуына атсалысып жатыр.

Телеиндустрия саласындағы қайсыбір жанр алдымен АҚШ-та пайда болады. АҚШ-тан Ресей үйренеді, біз Ресейге иек артамыз. Соңғы бірнеше жылда осы үрдіс жойылған жоқ. Фил Донахьюден кейін де ток-шоуды жан-жақты дамытып, жанрды әрі қарай өрбіткендер көп болды. Әлемге әйгілі тележүргізуші Опра Уинфри де ток-шоу арқылы көпшілікке танылды. Бірақ қазір Ресей мен Қазақстан көрсетімінің көңілін баурап, талғамынан дәл шыққан тележүргізуші – Андрей Малахов. Күнделікті кешкі уақытта отандық телеэкраннан «Бірінші арнаның» «Пусть говорят» ток-шоуы көрсетіледі. Ресейдің, Қазақстанның телерейтингінде алдына жан салмай келе жатқан бағдарлама әп-сәтте өз көрсетімін тауып, кеңінен танылды. Бағдарлама барысында әрқилы тақырып талқыланып, студия ішінде қызу пікірталас орнайды. Ұзынқұлаққа сүйенсек, аталмыш бағдарламаның бір минуттық эфирі 90 мың АҚШ долларын құрайды екен.

1958 жылдан 60 жылдардың соңына дейін қазақ теледидарының қалыптасу кезеңі десек, тек ақпараттық, концерттік бағдарламалардың сценарийлік негізінде телеқойылымдар, күрделі көркем телепублицистикалық хабарлар үлкен дайындықпен, телетехникалық жетістіктермен журналистік ой-толғауларды бір бағытқа бағдарлап, әрбір сюжет пен телеочерк, қойылымдардың мақсатын айқындап алу талабы қосылды. Бұл жерде қазақстандық телеарналардың көшбасшысы бұрынғы Қазақ теледидарына ерекше тоқталған жөн.

Қазақ теледидары – бүгінде 100-ге жуық телекомпанияның көшбасшысы. 50 жылдан астам тарихтың қиын да қызықты жолында ол араласпаған оқиға, бармаған жер, көтермеген мәселелер кемде-кем» [2, 49]. Тарихы мен халық жады, ұрпақ тәрбиесі мен білім-ғылым саласы, мәдениеті мен дәстүрі, экономикасы мен саясаты, өндірісі мен шаруашылығы оның күнделікті хабарына арқау болды. 1958 жылдың 8 наурызында Алматыда алғаш рет көгілдір экран жарқ етіп ашылғанда, сол телеарна басында қазақ телеөнерінің балапан қанатын қатайтып, биікке самғауы үшін білімдері мен біліктерін аямаған Ғ.Жанысбаев, Л.Ғалымжанова, С.Шәріпов сияқты телередакторлар мен телережиссерлер тұрды.

Статистикада сақталған тарихи цифр бойынша, сол кезде Алматы және облыстағы 4 100 телевизиялық қабылдағыш Қазақ телевизиясының алғашқы бағдарламасының трансляциясын тұтқан. Алматыдан кейін көгілдір экран Қарағанды мен Өскеменде, Жезқазған мен Балқашта, Ақтөбе мен Семейде көрсете бастады. Қазақ теледидарының «алтын ғасырына» баланған 1970-90 жылдар шын мәнінде көгілдір айнамыздың жан-жақты кемелденіп, шарықтаған кезеңі болды. Сол бір жылдары 13 бас редакция жыл сайын түрлі салаға арнап 130-150 топтама бағдарлама жасап отырды. Қазақстандық телеарналардың ішіндегі тәжірибесі жағынан толыққан, тарихы бай, мұрағаты мол Қазақстан ұлттық телеарнасы ескі мен жаңаны қосып тұрған көпір сияқты. Бұрынғы қазақ теледидары қазіргі бірегей телеарна қай деңгейде? Көкірегі ояу, көзі ашық көрсетімнің әрбірін мазалайтын орынды сұрақ.

60 жылдай уақыт. Бой өсіп, ақыл тоқтатын, ой кемелденіп, пайым-парасаттылыққа ұласатын қуатты шақ. Отызында орда бұзған жас түлектің бүгінде жетпістің қырқасындағы шағы. Бажайлай қарасак, өткен шақпен үндесіп, бүгінге жеткен көз көрген қауымның да қатары сирексіп, барлардың

өзі шау тартқандай. Қазақ топырағында теледидар іргесін қалаған Қ.Сағындықов, Х.Абылғаин, Ә.Байжанбаев, С.Нұрғалинов, В.Прасолов, С.Шәріпов, И.Смирнов, Н.Қожасбаев, Қ.Мусин, М.Барманқұлов, С.Масғұтов сияқты арыстардың көпшілігі бүгінде арамызда жоқ. Жаңа өнердің қадасын қағып, қабырғасын бекемдеген сол азаматтарды бүгінгі теледидар төріндегі жаңа жұлдыздар білмейді де. Олай дейтініміз, төл теледидарымыз туралы жүйелі жазылған тарих, терең зерттелген ғылыми еңбек аз.

Ағалар салған сара жолмен 1960-80 жылдары арынды келген бір топ жас буын легі Ж.Смақов, Ж.Нұсқабай, С.Оразалин, Қ.Игісін, С.Қаратаев, Ф.Бегенбаева, Л.Есенов, Ы.Қасымов, Ш.Баймолдина, Ғ.Шалахметов, С.Әшімбаев, Л.Сейітов, Қ.Қорған, Н.Иманғалиұлы, С.Байхонов, Қ.Аралбаев, Б.Құсанбаек, Ә.Ысқақова сынды мамандар теледидар көгіне қалықтап шықты. Бастау бұлағында Ұлы Даланың ешқашанда тот баспайтын, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып жатқан ауыз әдебиетінің мол үлгілерінен сусындап өскен, шешендік өнерге етене жақын, сөз құдіретінен ой түйдегін ағытқан от түлектер қыры да, сыры да мол өнер түрінің қалың қалтарыстарындағы құпияларға шындап ден қойды. Ұлтқа әлі сіңісе қоймаған телеөнер саласын игеру, оның сырларына кірігу оларға оңай болған жоқ. Сыры да мол, сымбаты да көз қаритындай телеөнердегі ізденістер мен іркілістер, тәжірибелер мен жаналықтар да сол жылдары қомақты болды.

Атап айтатын болсақ, «Мезгіл», «Қалаймақан», «Елден хабар», «Мәуліт», «Күй-аманат», «Жер-жаһанға саяхат», «Терме», «Ұлар-Үміт», «Шынның жүзі», «Достық», «Кітап әлемі», «Үзеңгі жолдас», «Ұмытпаңдар мені», «Бар мен жоқ», «Ел мен жер», «Аңсар», «Қазақтың жаны» және т.б. хабарлардың көтерген тақырыбының арнасы кеңіп, оларға көрермен тарапынан талап-талғамның жоғарылай беретініне күмән болған жоқ. Бір сөзбен айтқанда, ұлттық телеарнамыз қалыпты жағдайда кемелдену жолына түсті.

«Ұлтымыздың азаматтық ажары ұлағатты ұлдары мен қыздарымен көрікті екені, ежелден айтылып келе жатқан көкейкесті өткір, мемлекет пен қоғам алдындағы өзекті мәселе екені ешқашан күн тәртібінен түскен емес. Осыны ой елегінен өткіземіз де екі хабардың да бірден-ақ жүрегінен жол тауып кеткендігін қуана құптап айтқанымыз абзал», – дейді Бауыржан Момышұлы «Ұлттық мақтаныш – ұлт адамдары үшін мызғымас және киелі заң» атты мақаласында [3, 180]. Мәселен, кезіндегі «Жігіттің сұлтаны» хабарының ел намысының айнасы жігіттеріміздің, «Қыз сынында» әдеміліктің, тектіліктің, қылықты мінездің, сұлулықтың символы болған қыздарымыздың ұлттық дәстүрлер мен қасиеттерді ортаға салып жарқырата көрсеткенде жан сарайыңызды жаңғыртып жібереді. Хабарды көріп отырғанда «шынында да, біздің жігіттеріміз бен қыздарымызды қандай сынға салса да сүрініп, мүдірмейді екен» деген тұжырымды ойға түйін жасаймыз. Сондай қиын-қыстау заманда тар жол, тайғақ кешулерден де небір айла мен тәсілдермен жол тауып шыққан жігіттеріміз бен қыздарымыздың ерлікке толы бейнелері көңіл түкпірімізден тағы бір елес беріп өткендей әсерде қаласыз.

Жалпы, Қазақ телеарналарындағы елге, ұлтқа қызмет еткен бағдарламалар жетерлік. Мәселен, үйдегі бала тәрбиесінен бастап, әлеуметтік, қоғамдық мәселелерді көтеретін бағдарламалар аз емес. Тіліміздің дамуы мен кең өріс алуына, Қазақ тілінің айналасындағы әртүрлі мәселені егжей-тегжей зерттеген Бейбіт Құсанбектің «Хабар» арнасындағы «Тіл» бағдарламасы. Қыз бала ұлттың ары мен абыройы екенін әр азамат білетіні анық. «Ақжүніс» бағдарламасы осы тақырып жайында кеңінен сөз қозғап, Қазақ қыздары мен әйелдер қауымының телеклубына айналды. «Қазақстан» ұлттық арнасының көрерменге ұсынған тәлімі мен тәрбиесі зор бағдарламаларының қатары көп. Солардың ішінен ойып орын алатыны – Бейсен Құранбек жүргізетін «Айтуға оңай» ток-шоуы. Бұл бағдарлама елдің көкейінде жүрген сан мыңдаған сауалға жауап іздеп қана қоймай, халық арасында жеке бас мәселесін шеше алмай жүрген жандарға қол ұшын беруде де қалыс қалған жоқ. Сонымен қатар ұлттық рух пен намысты оятатын хабардың талай санының куәсі болдық. Тарихи мұрамыз бен ұлттық мәдениетіміздің бастау бұлақтарының көзі ашып, көрерменге жолдау да – хабар дайындайтын ұжымның қажырлы еңбегінің жемісі.

Тәуелсіздігіміздің жиырма бес жылдығын атап өтпекпіз. Енді халықтың рухани деңгейін көтеру – күн тәртібінде тұрған басты мәселе. Өйткені жүргізіліп жатқан реформалардың әрі қарай екпіндеуі осы реформаларды қолдайтын халықтың ішкі ұстанымына байланысты. «Қазақстан» мен «Хабар» телеарналары бүгінгі күні белең алған ұлттық идеологияға бейжай қараушылық көзқарасқа қарсы. Біздің қоғамда зейнеткерлердің, мүгедектердің, әйелдердің өз құқықтарын қорғап, наразылық

білдіруіне назар аударылады.

Ұлттық дәстүр бір қалыпта қатып қалмағандықтан, заман көшіне ілесіп түрленіп отырады. Уақыт өзгерген сайын адамның өмірге деген көзқарасы басқаша болып, ұстанған салт-дәстүрі жаңа қоғамға бейімделеді.

Елбасы Н. Назарбаев: «Біз демократия мен нарықтық экономиканы принципті түрде жақтаймыз. Алайда, әр қоғамның өз ерекшелігі бар, ол қалайда, ескерілуге тиіс қайталанбас этно-мәдениетке, діни, тарихи қасиеттерге ие. Ал енді кімде-кім мұны түсінбесе, кімде-кім ет жақындық және рухани тұрғыда өз халқының мәдени кейіпінде болмаса, онда ол өз тамырын ғана жоғалтып қоймай, сонымен бірге одан кез келген басқа мәдениет терісі айналады. Бұл тура мағынасындағы да, оның агрессияшыл көрінісі тұрғысындағы да мәңгүрттікке бастайтын тура жол», - деп біздің қоғам үшін аса көкейкесті мәселе туралы айтқан болаын. Бүкіл әлем халықтары өміріне жаһандану үрдісі дендей еніп келе жатқан бүгінгі күнде өз тәуелсіздігіне кеше ғана, өткен ғасырдың соңында қол жеткізген Қазақстан үшін Елбасы ескертіп оырғандай, өз келбетінен айырылып қалмау мәселесі - өзекті де өткір. Жаһандану аясында ұлт ретінде жойылып кетуге апарып соқтыруы мүмкін рухани мәңгүрттіктен сақтану, алдын алу шараларын бүгінгі күннен бастаған жөн. Ол үшін қажетті алғышарттардың бірі - ұлттық өнердің сақталуы мәселесі.

Қазақ телеарналарынан алдағы уақытта Алаштың мұңын мұндап, Қазақтың жоғын жоқтап, еліміздің өлгенін тірілтіп, өшкенін жандыратын телебағдарламалар мен арнайы хабарлар көп боларына сенім мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Тұрсын Қ. Қазақ тележурналистикасы: қалыптасу, даму проблемалары. – Алматы, 2010.
2. Бисмильдина Д. Ресми телехабарлар тілі. – Астана, 2013.
3. Әбдіжәділқызы Ж. Тікелей эфир табиғаты. – Алматы: Қазақ университеті, 2003.

БАСПАСӨЗДЕГІ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТАҚЫРЫБЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӨКЕЙКЕСТІЛІГІ

*Рамазанова Ж.С., ф.ғ.к., доцент,
Шарипжанова А., магистрант
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Тәуелсіздік алған жылдан бері Қазақстанның қоғамдық-саяси және экономикалық-әлеуметтік өміріндегі реформалық ірі өзгерістермен БАҚ нарығында да айтарлықтай өзгерістер орын алғаны мәлім. БАҚ нарығында мемлекеттік БАҚ-пен қатар жеке меншік саналатын ірі-ірі медиумагнаттар иелігіндегі масс-медиа дүниеге келді. Бұл үдеріс, әрине БАҚ алаңындағы ақпараттардың берілу әдістерімен қатар, олардың өңделуін, бұқараға жеткізу және ұсына білу әдістерін де өзгертті. Нарық ойыншылары саналатын әрбір БАҚ-тың өз аудиториясы мен қоғамдық сананы билеп-төстеуге ұмтылған саясаты қашан да елдегі саяси оқиғалармен қатар өрбіп отыр. Уақыт өте жіктеліп, құрылтайшылары мен шығармашылық редакциялық топтың ұстанған позициясына қарай жаңа бағыт, жаңа сарындағы БАҚ нарығы дүниеге келді. Бұл нарықта мемлекеттік сипаттағы БАҚ-пен қатар, оппозициялық, тәуелсіз және салалық сипаттағы БАҚ өзара бәсекелістік алаңына шықты.

Мониторингтің алғашқы кезеңінде түрлі позициядағы мерзімді басылымдардағы материалдарда ұлт және ұлттық құндылықтарды айқындаушы көптеген мағыналық факторларға талдау жасалды. Билік тарапындағы «Егемен Қазақстан», ұлттық және тәуелсіз апталықтар «Ана тілі» және «Жас қазақ» және оппозициялық сипаттағы «Жас Алаш» газеттеріндегі ұлттық мәселе тараптан жазылатыны осы басылымдардың ұстанған позициясына қатысты болатыны заңды.

Қазақ тілінің мәселесі – БАҚ-тағы ең көп әрі жиі қозғалатын тақырып екендігі шындық. Ұлттық құндылықты айқындаушы фактор ретінде қазақ тілінің түлесі, қазақ тілін қызғыштай қоры, қазақ тілін шет тілдерінің ықпалынан тазалау сияқты мәселелердің көбінде ұлттық апталық «Ана тілі», тәуелсіз басылым «Жас қазақ», мемлекеттік басылым «Егемен Қазақстанда» да өткір жазылуы, өзектілігін таңбалап басып көрсетуі де қазақ ұлтынан қазақ еліне бастайтын басты факторлардың бірі екендігін әйгілей түседі.

Қазақстандықтарды біріктіретін және әрбір азаматты ойландыратын ортақ мәселе – ұлттар мен